

**Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қабанбайауылында және Алакөл көлінің жағалауында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 31-323/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 27 қыркүйекте № 5-18-163 болып тіркелді. Шешімнің қолданысы тоқтатыла тұрады – Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 ақпандағы № 38-416/VI. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 46-509/VI шешімімен

**Ескерту. Шешімнің қолданысы тоқтатыла тұрады – Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 19.02.2019 № 38-416/VI (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 15.11.2019 № 46-509/VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 қазанында № 14285 тіркелген) сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қабанбай ауылында және Алакөл көлінің жағалауында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Үржар аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*М. Акпеков*

*К. Карашев*

Үржар аудандық мәслихаттың

2018 жылғы 5 қыркүйектегі

№ 31-323 /VI шешімімен

бекітілген

**Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қабанбай ауылында және Алакөл көлінің жағалауында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер (ҚҚС және қоршаған ортаға эмиссиясыз)**

№	Атаулары	есептік бірлік	Баға теңгемен
1	Тұрғын үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көму	айына 1 адам үшін	60
2.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару	1 куб.м	594
3.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму	1 куб.м	818

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК